

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлері Кеңесінің мәжілісін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 сәуір N 496

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің басшылары Кеңесінің 1996 жылғы 17 мамырдағы Мәскеу қаласындағы шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлерінің Кеңесі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлері Кеңесінің (бұдан әрі - ПМК) кезекті мәжілісі 1999 жылғы 3-6 маусымда Астана қаласында өткізілсін.

2. Аталған мәжіліс құжаттарының жобаларын әзірлеу мақсатында 1999 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Ішкі істер министрліктері өкілдері сарапшылардың кеңесі өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі: сарапшылар кеңесі мен ПМК мәжілісін өткізуді қамтамасыз етсін, ресми делегациялардың мүшелерін, еріп жүрген адамдар мен сарапшыларды орналастыру және оларға қызмет көрсету, баспа өнімдерін дайындау және кәдесый сатып алу бойынша қажетті шаралар қолдансын;

Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметімен (келісім бойынша) бірлесіп Делегация басшыларының Қазақстан Республикасының Президентімен кездесуін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі атынан ресми қабылдау ұйымдастырсын;

әуежайда тиісті тәртіпті, Делегация басшыларының және делегацияның жүріп өтетін жолдары мен болатын жерлерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесіп делегация ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағынан ұшып өтуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі ұшақтарға техникалық қызмет көрсетулерін, олардың тұрағын және жанар-жағар майдың құйылуын ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ПМК мәжілісі шеңберінде өткізілетін іс-шараларды кеңінен көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қосымшаға сәйкес

сарапшылар кеңесі мен ІІМК мәжілісін өткізуге қажетті қаржы қаражаттарын бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
29 сәуірдегі
N 496 қаулысына
қосымша

Ішкі істер министрлері Кеңесі сарапшыларының кеңесі мен мәжілісін
өткізу үшін қажетті негізгі қаржы қаражаттары

1999 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында өтетін ІІМК мәжілісін
әзірлеу жөніндегі сарапшылар кеңесін өткізудің шығыс
Сметасы

р/н	Шығыстардың атауы	Адам	Тәулік	Құны	Шығыстар
		саны	саны	(теңге)	жиыны
1.	Тұру	35	3	5200	546000
2.	Тамақтану	35	3	450	47250
3.	Буфеттік қызмет көрсету	35	3	150	15750
4.	Тұрмыстық қызмет көрсету	35	3	150	15750
	және басқа да шығыстар				

Барлық шығыс				624750	
--------------	--	--	--	--------	--

1999 жылғы 3-5 маусымда Астана қаласында өтетін
 ПМК кезекті мәжілісін өткізудің шығыс
 Сметасы

р/н	Шығыстардың атауы	Адам	Тәулік	Құны	Шығыстар
	саны	саны	(теңге)	жиыны	
1.	Делегация жетекшілері. нің тұруы	15	3	53040	2386800
2.	Делегация мүшелерінің тұруы	60	3	29640	5335200
3.	Тамақтануы	75	3	450	101250
4.	Ресми түскі, кешкі та. мақтандыру шығыстары	15	3	600	18000
		60	3	450	81000
5.	Буфеттік қызмет көрсету	75	3	150	33750
6.	Мәдени қызмет көрсету	75	3	150	33750
7.	Тұрмыстық қызмет көрсету	75	3	150	33750
8.	Автокөлік жалдау				100000
9.	Ұшақ жалдау				2961790
10.	Кеңсе керек-жарақтарын сатып алу				100000
11.	Конференцзалын жалдау		3	55808	167424
	Барлық шығыс				11352714

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК